Қ А У Л Ы

2025 жылғы 23 сәуір № 1000-25-00-2а/133 іс Семей қаласы

Абай облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы құрамында:
төрағалық етуші судья М.А.Майсаканов,
судьялар К.К.Калымова , Н.Ә.Қабышева,
талап қоюшының өкілі А.Енсебаева, жауапкердің өкілі М.Оразалиев,
қатысуымен, мобильдік бейнеконференцбайланыс арқылы өткізілген ашық сот отырысында талап қоюшы Абай облысының білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «Мектеп жанындағы интернаты бар №42 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Жуманов» Куаныш Акылбекович Жумановқа мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы бойынша Абай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2024 жылғы 27 желтоқсандағы шешіміне талап қоюшы өкілінің келтірген апелляциялық шағымымен түскен электрондық азаматтық істі қарап,

АНЫҚТАҒАНЫ:

Абай облысының білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «Мектеп жанындағы интернаты бар № 42 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Талап қоюшы) мен жеке кәсіпкер «Жуманов» К.Жуманов (бұдан әрі - Жауапкер) арасында 2024 жылғы 11 қыркүйекте № 240173 мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған. Шарттың мерзімі 2024 жылғы 31 желтоқсан, шарт сомасы 2 999 400 теңгені құраған. Шарттың талаптарына сай, жауапкер талап қоюшыға мектеп алдындағы ауласының жеріне 500 м2 көлемде қырлы кеспені (брусчатка) шарт күшіне енген күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде төсеп беруге, ал талап қоюшы жұмыс нәтижелерін қабылдап, шарт бойынша соманы төлеуге міндеттенген. Шарттың 9.1 тармағына сай, шарт қазынашылық органда тіркелген күннен бастап күшіне енеді. Шарт 2024 жылғы 12 қыркүйекте қазынашылық органында тіркелген, жұмыстарды орындау мерзімі - 2024 жылғы 12 қазан. Жауапкер 89 982 теңге шартты қамтамасыз ету сомасын тиісті тәртіпте енгізген.

Талап қоюшы талапты сотқа берудің 30 күндік шектеу мерзімін өткізбеген, сотқа 2024 жылғы 28 қазанда жүгінген.

Абай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2024 жылғы 27 желтоқсандағы шешіміменАбай облысының білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «Мектеп жанындағы интернаты бар № 42 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жеке кәсіпкер «Жуманов» Куаныш Акылбекович

Құжатқа қол қойылған: Майсаканов М. А., 28.04.2025
Құжатқа қол қойылған: Калымова К. К., 28.04.2025
Құжатқа қол қойылған: Кабышева Н. А., 28.04.2025

Жумановқа мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырусыз қалдырылған.

Сот шығындары мемлекет есебіне жатқызылған.

Талап қоюшының өкілі апелляциялық шағымында сот шешімімен келіспей, бірінші сатыдағы сот шешімінің күшін жоюды сұраған.

Апелляциялық шағымды қолдаған талап қоюшының өкілі А.Жумакулованың, жауапкердің өкілі М.Оразалиевты тыңдап, сот алқасы іс материалдарын және шағымның дәйектерін толық зерделеп, сот шешімі төмендегідей негіздермен бұзылуға жатады деп есептейді.

Сот шешімінің күшін жою не оны өзгерту Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 427 бабында көрсетілген.

Сот алқасы осындай негіздер анықталды деп санайды.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 225-бабының 1-бөлігіне сай шешім шығарған кезде сот дәлелдемелерді бағалайды, іс үшін маңызы бар қандай мән-жайлардың анықталғанын және қандай мән-жайлардың анықталмағанын, тараптардың құқықтық қатынастарының қандай екенін, осы іс бойынша қандай заң қолданылуға тиіс екенін және мәлімделген талаптың қанағаттандырылуға жататынын-жатпайтынын айқындайды.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодекстің (бұдан әрі - АК) 651-бабының 1-бөлігіне сай, құрылыс мердігерлігінің шарты бойынша мердігер тапсырысшының тапсырмасы бойынша шартта белгіленген мерзімде белгілі бір объектіні салуға не өзге де құрылыс жұмысын орындауға міндеттенеді, ал тапсырысшы мердігерге жұмысты орындауы үшін қажетті жағдайлар жасауға, оның нәтижесін қабылдап алуға және ол үшін келісілген бағаны төлеуге міндеттенеді.

АК-нің 654-бабының 1-бөлігіне сай, мердігер құрылысты және оған байланысты жұмыстарды жұмыстың көлемі мен мазмұнын және жұмысқа қойылатын басқа да талаптарды айқындайтын жобалау құжаттамасы мен жұмыстың бағасын айқындайтын сметаға сәйкес жүзеге асыруға міндетті.

Сотта тараптар арасында 2024 жылғы 11 қыркүйекте № 240173 мемлекеттік сатып алу шарты жасалғандығы, ол шарт бойынша жауапкер шарт күшіне енген күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2024 жылғы 12 қазанға дейін, талап қоюшыға мектеп алдындағы 500 м2 көлеміндегі жер бетіне қырлы кеспені (брусчатка) сметалық құжат бойынша төсеп беруге міндеттенгендігі, ал талап қоюшы жауапкер жасаған жұмыстарды қабылдап алып, жауапкерге 2 999 400 теңгені төлеуге міндеттенгендігі анықталды.

Құжатқа қол қойылған: Майсаканов М. А., 28.04.2025
Құжатқа қол қойылған: Калымова К. К., 28.04.2025
Құжатқа қол қойылған: Кабышева Н. А., 28.04.2025

Талап қоюшының талап қоюдағы дәйектеріне және талап қоюшының өкілі А.Енсебаеваның сотта берген түсініктемесіне сай, жауапкер жұмыстарды толық аяқтамаған, атап айтқанда, жауапкер жұмыстарды жасау кезінде жерге төселген қырлы кеспенің (брусчатканың) араларына топырақты сеппеген, жұмыстарды жасау барысында мектеп ауласынан құрылыс қоқыстарын шығармаған, бордюрларды цементпен орнатқанмен, жандарын бекітпеген, мектеп табалдырығының ені жауапкермен 30 см емес 20 см етіп кем жасалған, объектінің сол жақ қанатына қиыршық тас (щебень) себілмеген деп көрсеткен.

Осыған орай, талап қоюшы жауапкерді Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабына сай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған.

Заңның 3) тармақшасы 1-бөлігі 4-тармағы 12-бабына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі: өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

«Соттардың мемлекеттік сатып алу жөніндегі заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі № 4 нормативтік қаулысының 8-тармағына сай, мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы).

Сот алқасы анықтағандай жауапкер шарт бойынша алынған міндеттерін орындамағандықтан талап қоюшы шартты бір жақты бұзды және сотқа осы талап қоюымен жүгінген.

Сотта талап қоюшының өкілі А.Енсебаева жауапкер қырлы кеспені төсеп, жиектасты орнатқандығын жоққа шығармай, жауапкер жұмыстарды 90 % аяқтағандығын көрсеткен.

Жауапкер міндеттерін орындау туралы бірнеше рет талап қоюшыға жазбаша кепілдігін берген, атап айтқанда 2024 жылғы 15 қарашада және 2024 жылғы 18 қарашада.

Құжатқа қол қойылған: Майсаканов М. А., 28.04.2025
Құжатқа қол қойылған: Калымова К. К., 28.04.2025
Құжатқа қол қойылған: Кабышева Н. А., 28.04.2025

Бірінші сатыдағы сот жоғары көрсетілген негіздерге қарамай , талап қоюды канағаттандырусыз қалдырған, бұл түйінімен сот алқасы келіспейді.

Осыған байланысты, жауапкер Заңның 12-бабына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылуға жатады.

Жоғарыдағылардың негізінде, сот алқасы бірінші соттың істі қарау барысында АПК-нің 224-бабының талаптары сақталмай, іс үшін маңызы бар мән-жайлар ауқымын дұрыс айқындамауы және анықтамауы, қолдануға жататын материалдық құқық нормаларының дұрыс қолданылмауына және істің дұрыс шешілмеуіне әкеп соққан деген қорытындыға келе отырып, іс бойынша қабылданған даулы сот актісін заңды және негізді деп табуға болмайды.

Істің мұндай тұрғысында, іс бойынша қабылданған даулы сот актісі заңды және негізді деп тануға болмайды. Сондықтан сот алқасы бірінші сатыдағы соттың актісінің күшін жойып, іс бойынша талап қоюды қанағаттандырыуды туралы жаңа шешім қабылдау қажет деген түйінге келді.

АПК–нің 117 бабына сәйкес жауапкер жеке кәсіпкер «Жуманов» Куаныш Акылбекович Жумановтан мемлекеттің пайдасына 1846 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

Апелляциялық шағым қанағаттандырылуға жатады .

АПК-нің 424-бабының 3-бөлігі 1) тармағын, 425-бабының 1-бөлігін және 426-бабын, 427-бабының 1-бөлігінің 4) тармағын басшылыққа ала отырып, сот алқасы

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Абай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2024 жылғы 27 желтоқсандағы шешімінің күші жойылып, іс бойынша жаңа шешім қабылдансын.

Талап қоюшы Абай облысының білім басқармасының Семей қаласы білім бөлімінің «Мектеп жанындағы интернаты бар №42 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Жуманов» Куаныш Акылбекович Жумановқа мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Жуманов» Куаныш Акылбекович Жумановқа мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Жуманов» Куаныш Акылбекович Жумановтан мемлекеттің пайдасына 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Талап қоюшы өкілінің келтірген апелляциялық шағымы қанағаттандырылсын.

Қаулы заңды күшіне жарияланған күннен бастап енеді.

Тараптар, іске қатысатын тұлғалар, сот актілерінде мүдделері қозғалатын басқа да тұлғалар және олардың өкілдері, прокурор АПК 434, 436-баптарының талаптарын сақтай отырып, апелляциялық сатыдағы соттың қаулысы заңды күшіне енген күннен бастап алты ай мерзім ішінде кассациялық тәртіппен қайта қарау туралы өтінішхатты беруге немесе наразылық келтіруге құқылы.

Төрағалық етуші: **М.А.Майсаканов**

Судьялар: **К.К.Калымова**
Н.Ә. Қабышева

Көшірмесі дұрыс.

Судья: **Н.Ә.Қабышева**

Құжатқа қол қойылған: Майсаканов М. А., 28.04.2025
Құжатқа қол қойылған: Калымова К. К., 28.04.2025
Құжатқа қол қойылған: Кабышева Н. А., 28.04.2025
1000-25-3-2/133

Құжатқа қол қойылған: Майсаканов М. А., 28.04.2025
Құжатқа қол қойылған: Калымова К. К., 28.04.2025
Құжатқа қол қойылған: Кабышева Н. А., 28.04.2025
1000-25-3-2/133

Құжатқа қол қойылған: Майсаканов М. А., 28.04.2025
Құжатқа қол қойылған: Калымова К. К., 28.04.2025
Құжатқа қол қойылған: Кабышева Н. А., 28.04.2025

ЖАДНАМА

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотына кассациялық тәртіпте өтінішхат жіберу кезінде

ТЕКСЕРУІҢІЗ қажет:

I. Өтінішхаттың АПК-нің 434-бабының 2-бөлігінің талаптарына сәйкестігін (кассациялық тәртіппен қайта қаралуға жатпайтын сот актілерінің тізімі);

II. Өтінішхаттың АПК-нің 441-бабының талаптарына сәйкестігін (өтінішхаттың мазмұны). Тапсырма бойынша өкілдік ету АПК-нің 61-бабына сай ресімделеді.

Өтінішхатқа сенімхат, адвокат куәлігі және қорғау (өкілдік ету) туралы жазбаша хабарлама, заң консультанттары палатасына мүшелікті растайтын құжатты міндетті түрде тіркеу қажет.

III. Соттардағы мемлекеттік баж төлеу Салық кодексінің 610-бабына сәйкес жүргізіледі. Соттарда мемлекеттік баж төлеуден босату Салық кодексінің 616-бабында көрсетілген. Талап қою бағасы АПК-нің 104-бабының талаптарына сай анықталады («Мәмілелер жарамсыздығының және олардың жарамсыздығының салдарларын соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 7 шілдедегі № 6 Нормативтік қаулысының 3-тармағы);

IV. Мемлекеттік баж төлеу үшін төлем деректемелері.

Бенефициар: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Астана қаласы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің Есіл ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі

БСН: 081240013779

ЖСК: KZ24070105KSN0000000

Бенефициар банкі: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» ММ

БСК: KKMFKZ2A

Салық органының коды: 6205

БКК 108126

ТТК 911